

Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлардың жекелеген түрлерін сақтап қалу және өсімін молайту жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 25 қыркүйек N 1447

"Жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 21 қазандағы Z933300_ Заңына сәйкес, сондай-ақ Қызыл Кітапқа енгізілген сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлардың жекелеген түрлерін сақтап қалу және өсімін молайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шейх Ахмет Бин Сәлім Лкасмидің (Біріккен Араб Әмірліктері) Шығыс Қазақстан облысында ителгілер мен дуадақтарды қолда өсіріп-молайту және кейін табиғат аясына жіберу жөніндегі екі питомникті өз қаражаты есебінен салу туралы бастамасы назарға а л ы н с ы н .

2. Осы құстардың бастапқы мекиен тобын жасау мақсатында Шейх Ахмет Бин Сәлім Лкасмидің (Біріккен Араб Әмірліктері) Шығыс Қазақстан облысында кейін оларды Шығыс Қазақстан облысындағы питомниктерге орналастыратын болып, Қазақстан Республикасынан тысқары әкету құқығынсыз 2000 жылғы 1 қыркүйек - 31 қазан кезеңінде үш ителгі мен бес дуадақ аулауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ителгілер мен дуадақтарды балапандатып, қолда өсіріп-молайту және кейін табиғат аясына жіберу жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарламаны әзірлесін және оны бекітуге Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне ұ с ы н с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны

қорғау министрлігі "Қазақстан Республикасында Жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 969

Р 0 0 0 9 6 9 _

қаулысында белгіленген тәртіппен ителгілер мен дуадақтарды табиғаттан аулап алуды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.Н.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК